

Шифрлі кілттерді депозитке салу және генерациялау орталығын құрудың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 наурыз N 379

Ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын әзірлеуге, шығаруға, жөндеуге және сатуға байланысты қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдіру, сондай-ақ әкелінетін өнімдердің сапасына бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . күші жойылды

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.23. N 528 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы ҰҚК "Қазарнаулықәсіпорын" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган үш ай мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Кәсіпорында Шифрлі кілттерді депозитке салу және генерациялау орталығын құрсын ;

2) депозитке салу тәртібін әзірлесін және оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне тіркеуге ұсынсын .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне (келісім бойынша) жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі